

1-модуль.

**Әлеуметтану ғылымы және
оның ерекшеліктері.**

3-дәріс.

**Әлеуметтанулық зерттеудің түрлері мен
әдістері.**

ДӘРІСТІҢ ЖОСПАРЫ:

1. Әлеуметтанулық зерттеулердің сипаттамасы және жүргізу кезеңдері.
2. Әлеуметтанулық зерттеулердің бағдарламасы.
3. Әлеуметтанулық зерттеулердің әдістері мен түрлері.

ДӘРІСТІҢ МАҚСАТЫ:

Әлеуметтанулық зерттеулердің:

- ерекшеліктерімен;
- сипатымен;
- түрлерімен;
- бағдарламасының құрылымымен;
- арнайы әдістерімен таныстыру.

Әлеуметтану ғылымы қоғамда болып жатқан барлық құбылыстар мен процестерді зерттейді. Солар туралы нақты фактілерді жинап, оны талдап, соның негізінде ғылыми қорытындылар жасайды

ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ДЕГЕНІМІЗ:

- ❑ Арнайы құрылған бағдарламаның негізінде, әдіснама мен әдістемеге сүйеніп ғылыми зерттеу жүргізудің бір түрі;
- ❑ Әлеуметтік фактілерді тиянақты түрде жинап, оны логикалық тұрғыдан түсіндіретін, әлеуметтік дүние туралы жаңа білім жинақтаудың әдісі.



ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- 
- Арнайы құрастырылған бағдарламаға сүйенеді;
 - Әлеуметтік өмірге қатысты фактілерді жинайды;
 - Әлеуметтік дүние туралы жаңа білімдерді жинайды;
 - Арнайы әдістерді қолданады;
 - Әлеуметтік құбылыс туралы объективті мәлімет береді.

ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ СИПАТЫ:

Қоғамда болып жатқан процестер жайлы объективті ақпарат алу;

индивидтердің өзара қарым-қатынастарын зерттеуге негізделген танымдық іс-әрекеттің түрі;

теориялық және эмпирикалық рәсімдер жүйесі;

логикалық, әдістемелік, тәсілдік және ұйымдастырушылық-техникалық амалдар жиынтығы.

Социологиялық зерттеудің дизайны (бағдарламасы)

- Тақырыптың өзектілігін көрсету
- Зерттеу сұрағын қою
- Теорияны таңдау
- Инструментті анықтау, таңдау (выборка)
- Социологиялық зерттеуді жүргізу
- Алынған мәліметтерді өңдеу, талдау, (есеп беру)

**ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ –**
зерттеудің әдіснамалық және әдістемелік
бөлімдерін қамтитын құжат



<https://ktonanovenkogo.ru/image/sotciologija-cto-takoe.jpg>

ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ

БӨЛІМІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

- 1) Зерттеу мәселесін негіздеу;
- 2) Зерттеу объектісі мен пәнін анықтау;
- 3) Зерттеудің мақсаты мен міндеттері;
- 4) Негізгі ұғымдарға логикалық талдау жасау;
- 5) Зерттеу объектісіне әсер ететін факторларға кешенді талдау жасау;
- 6) Зерттеудің болжамдарын тұжырымдау.

**Әлеуметтанулық зерттеу
бағдарламасының әдістемелік
бөлімнің құрылымы:**

- 1) Зерттелетін жиынтықты анықтау;
- 2) Зерттеу жүргізу әдісін анықтау;
- 3) Зерттеу құралын дайындау;
- 4) Зерттеу жүргізу кезеңдерін және жоспарын беркіту;
- 5) Зерттеушілер құрамын негіздеу;
- 6) Зерттеу нәтижесін өңдеу және есеп беру уақытын және жолдарын көрсету.

ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ ТҮРЛЕРІ

барлау


- Пилотажды зерттеу арқылы зерттеудің барлық құрамдас бөліктері тексеріледі

сипаттамалық

- Сипаттамалық зерттеулер жоғары деңгейде өңделген және тексерілген бағдарлама мен әдістемелік құралдар арқылы жүргізіледі

сараптамалық

- Бірнеше әдістерді ұштастыру арқылы зерттеу объектісінің түрлі аспектілері әртүрлі әдістерді қолдану арқылы зерттеледі



ӨЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ САНДЫҚ ӨДІСТЕРІНЕ:

- **Сұрау әдісі.** Инструмент: анкета немесе сауалнама жүргізу
- Сауалнама жүргізу дегеніміз респонденттердің ерекшелігі, өмір салты, пікірі, және т.б. туралы ақпаратты анкета арқылы жинау.
- Артықшылығы: респондент көп қамтылады, анонимді, сандық деректер жиналады



<https://encrypted-tbn0.gstatic.com/images>

Анкетадағы сұрақтардың түрлері

- Ашық сұрақтар (жауап варианттары көрсетілмейді)
- Жабық сұрақтар (жауап варианттары болады)
- Аралас сұрақтар (ашық және жабық сұрақтар араласып келеді)
- Дихотомиялық сұрақтар (иә, жоқ, білмеймін)



ҚОРЫТЫНДЫ

- 1) Әлеуметтанулық зерттеулер – қоғамда болып жатқан процестерді эмпирикалық тұрғыда зерттеп, тәжірибеге негізделген құнды деректер жинаудың тәсілі
- 2) Әлеуметтанулық зерттеудің бағдарламасы – зерттеудің әдіснамалық, әдістемелік және ұйымдастырушы-техникалық процедураларын қамтитын құжат.
- 3) Зерттеу пәнін талдаудың тереңдігіне қарай әлеуметтік зерттеулер барлау, сипаттамалық және сарапталық болып үшке бөлінеді.
- 4) Әлеуметтанулық зерттеудің әдістері екі топқа бөлінеді: сандық әдістер және сапалық әдістер.

ҚАЙТАЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

- Әлеуметтанулық зерттеулер түсінігі, сипаты, кезеңдері;
- Әлеуметтанулық зерттеулердің пайда болуы мен дамуына қысқаша шолу;
- Әлеуметтанулық зерттеудің бағдарламасының кезеңдері;
- Әлеуметтанулық зерттеулердегі іріктеу дегеніміз не және іріктеудің негізгі тәсілдері;
- Әлеуметтанулық зерттеулердің сандық әдістері;
- Әлеуметтанулық зерттеулердің сапалық әдістері.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Интернет-ресурстар:

1. <https://www.youtube.com/watch?v=Fw9U1OLbGgM>
2. <https://www.youtube.com/watch?v=EK2hdvVGbDc>
3. https://youtu.be/wbdN_sLWI88

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдікєрова Г.О. Әлеуметтану. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 192 б.
2. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер. – Алматы, 2014.
3. Әлеуметтану: Оқулық. Тесленко А.Н., Сембина Ж.Ж., Аязбаева А.Т. Қарағанды, 2019 ж.
4. Әлеуметтанулық зерттеулердегі сандық және сапалық әдістер. Оқу құралы. Ә.Т.Омарова, С.М.Дүйсєнова, С.А.Амитов, И.С.Сарыбаева. Алматы, Қазақ университеті, 2019 ж.
5. Қолданбалы әлеуметтану: Оқу құралы. Забєрова А.Т. Алматы, 2016 ж. – 206 б.